

2023 жылдың наурыз айында Халықаралық ақша аударымдарының жүйелері (бұдан әрі – ААЖ) арқылы 79,8 млрд. теңгеге 237,1 мың ақша аударымдары жіберілген. 2023 жылдың ақпанымен салыстырғанда ақша аударымдарының саны мен көлемі сәйкесінше 29,2% және 24,8%-ға ұлғайды.

Қазақстанның банктері және «Қазпочта» АҚ өзінің клиенттеріне Золотая корона, Western Union, ЮНИСТРИМ, Contact, Faster, MoneyGram, сияқты жүйелер және басқа жүйелері арқылы ақша аудару бойынша қызметтер көрсетеді.

ААЖ-ны Қазақстан халқы ел аумағында аударымдарды жүргізу және сол сияқты шетелге/шетелден ақша аударымдарын алу/жіберу үшін пайдаланады.

2023 жылдың наурыз айында Қазақстан аумағында жүргізілген ақша аударымдарының үлесі ААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдарының жалпы санының 7,6% және жалпы сомасының 7,1% құрайды. Шетелге жіберілген ақша аударымдарының үлесі тиісінше 92,2% және 92,9% құрайды.

ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ АҚША АУДАРЫМДАРЫ

ШЕТЕЛГЕ ЖІБЕРІЛГЕН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2023 жылдың наурыз айында шетелге ААЖ арқылы 74,2 млрд. теңге сомаға 219,1 мың транзакция жіберілді. 2023 жылдың ақпанымен салыстырғанда жіберілген ақша аударымдарының саны мен көлемі сәйкесінше 29,4% және 24,5%-ға өсті.

Қазақстаннан шетелге жіберілген ақша көлемі бойынша алдыңғы қатарда келесі елдер: Түркия – 21 млрд. теңге (үлесі – 28,3%), Ресей – 20 млрд. теңге (жалпы соманың үлесі – 27%), Өзбекстан – 13,9 млрд. теңге (үлесі-18,8%), Грузия – 7,9 млрд. теңге (үлесі - 10,7%), сондай –ақ Қырғызстан-2,4 млрд. теңге (үлесі - 3,3%).

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %- бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	188,6	86,0%	58 574,6	79,0%
CONTACT	13,1	6,0%	7 818,3	10,5%
Вестерн Юнион	7,4	3,4%	5 018,7	6,8%
MONEYGRAM	1,9	0,9%	1 368,9	1,8%
ЮНИСТРИМ	5,0	2,3%	1 026,6	1,4%
Басқа ақша аудару жүйелері	3,2	1,5%	354,9	0,5%
Жалпы жиынтығы	219,1	100,0%	74 162,0	100,0%

Елдер бойынша


Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %- бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Түркия	33,5	15,3%	21 020,7	28,3%
Ресей	96,7	44,1%	20 004,1	27,0%
Өзбекстан	51,5	23,5%	13 940,1	18,8%
Грузия	4,0	1,8%	7 905,8	10,7%
Қырғызстан	9,7	4,4%	2 433,4	3,3%
Қытай	1,8	0,8%	2 302,2	3,1%

Тәжікстан	12,7	5,8%	1 486,8	2,0%
Әзірбайжан	1,9	0,9%	1 021,1	1,4%
Корея Республикасы	0,8	0,4%	880,9	1,2%
Украина	1,8	0,8%	744,3	1,0%
Басқалары	4,7	2,2%	2 422,5	3,3%
Жалпы жиынтығы	219,1	100,0%	74 162,0	100,0%


Валюталар бойынша

ААЖ арқылы шетелден жіберілген аударымдардың негізгі үлесі АҚШ долларымен (жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі 35,4%, жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі 59,9%) және қазақстандық теңгеде (тиісінше 51,6% және 31,4%) жүргізілді.

Жіберілген аударымдар жалпы санының үлесі



Жіберілген аударымдар жалпы көлемінің үлесі



ШЕТЕЛДЕН АЛЫНҒАН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2023 жылдың наурыз айында Қазақстанға шетелден ААЖ арқылы 29,9 млрд. теңге сомаға 114,0 мың ақша аударымдары жүргізілді. 2023 жылдың ақпан айымен салыстырғанда шетелден түскен ақша аударымдарының саны мен көлемі сәйкесінше 24,4%-ға және 15,6%-ға өскен.

Шетелден түскен ақша аударымдарының көлемі бойынша алдыңғы қатардағы елдер: Ресей – 12,2 млрд. теңге (жалпы соманың үлесі - 41%), Өзбекстан - 3,1 млрд. теңге (үлесі - 10,4%), Корея республикасы – 3 млрд. теңге (үлесі – 9,9%), Америка Құрама Штаттары – 2,9 млрд. теңге (үлесі – 9,7%), сондай-ақ Түркия-1,8 млрд. теңге (үлесі - 6%).

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы санындағы үлесі, %-бен	Сума (млн. теңге)	Жалпы сумадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	51,8	45,4%	15 102,7	50,6%
CONTACT	4,6	4,1%	1 191,8	4,0%
Вестерн Юнион	23,8	20,9%	6 133,8	20,5%
MONEYGRAM	11,7	10,2%	3 484,2	11,7%
ЮНИСТРИМ	17,8	15,6%	3 688,1	12,4%
Басқа ақша аудару жүйелері	4,4	3,8%	252,8	0,8%
Жалпы жиынтығы	114,0	100,0%	29 853,5	100,0%

Елдер бойынша


Ел	Саны (мың)	Жалпы сандағы	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сумадағы
----	---------------	------------------	------------------------	-------------------

	транзакция)	үлесі, %-бен		үлесі, %-бен
Ресей	61,6	54,0%	12 230,8	41,0%
Өзбекстан	6,0	5,3%	3 118,7	10,4%
Корея Республикасы	5,6	4,9%	2 969,7	9,9%
Америка Құрама Штаттары	10,0	8,8%	2 909,0	9,7%
Түркия	4,9	4,3%	1 786,5	6,0%
Германия	9,1	8,0%	1 522,3	5,1%
Қырғызстан	2,8	2,4%	1 434,8	4,8%
Грузия	0,7	0,7%	368,3	1,2%
Израиль	1,1	0,9%	288,3	1,0%
Біріккен Араб Әмірліктері	0,9	0,8%	269,5	0,9%
Басқалары	11,2	9,8%	2 955,6	9,9%
Жалпы жиынтығы	114,0	100,0%	29 853,5	100,0%


Валюталар бойынша

ААЖ арқылы шетелден алынған ақша аударымдарының негізгі үлесі АҚШ долларымен (алынған аударымдардың жалпы санының 34,8% және жалпы сомасының 53,0%) және қазақстандық теңге (тиісінше 40,5% және 29,1%) жүргізілді.

Жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі



Жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі



ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ АУДАРЫМДАР


Қазақстан аумағында 2023 жылдың наурыз айында 5,6 млрд. теңге сомасына 18,8 мың транзакция жүргізілді. 2023 жылдың ақпан айымен салыстырғанда ақша аударымдарының саны 27,3%-ға ұлғайды, ал көлемі 27,8%-ға ұлғайды.

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы санындағы үлесі, %-бен	Сума (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	1,2	6,7%	1 327,5	23,6%
CONTACT	0,0	0,0%	2,4	0,0%
Вестерн Юнион	0,0	0,1%	29,5	0,5%
ЮНИСТРИМ	0,1	0,3%	4,6	0,1%
Басқа ақша аудару жүйелері	16,7	92,9%	4 270,9	75,8%
Жалпы жиынтығы	18,0	100,0%	5 634,9	100,0%


Валюталар бойынша

Жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі



■ KZT ■ USD ■ RUB ■ EUR

Жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі



■ KZT ■ USD ■ RUB ■ EUR